

*«Қазақстан Республикасы  
теміржолшыларының кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігінің 2000 жылғы 21 қыркүйектегі  
IV съезімен өзгерістерімен және  
толықтыруларымен бекітілген*

*«Қазақстан Республикасы  
теміржолшыларының кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі  
VI съезінде өзгерістерімен және  
толықтыруларымен бекітілген*

*Қазақстан Республикасының көлік саласы кәсіби  
одақтарының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы  
Біріктіруші съезінде өзгерістерімен және  
толықтыруларымен бекітілген*

*«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль,  
әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби  
одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесімен  
(2016 жылғы 21 қазандағы №4  
қаулысының 1-тармағы)  
бекітілген*

*«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль,  
әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби  
одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесімен  
өзгерістермен және толықтырулармен  
бекітілген (2022 жылғы 19  
қаңтардағы №3. қаулысының 2-тармағы)*

*«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль,  
әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби  
одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесімен  
өзгерістермен және толықтыруларымен  
бекітілген (2025 жылғы 26 ақпандағы №3  
қаулысының 6-тармағы)*

*«Қазақстандық салалық теміржол көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігі Орталық Кеңесімен өзгерістермен  
және толықтыруларымен бекітілген  
(2025 жылғы 10 желтоқсандағы №2  
қаулысының 2-тармағы)*

**«Қазақстандық салалық теміржол көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің  
бастауыш ұйымы туралы  
ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Бастауыш ұйым «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – «Кәсіподақ») заңды тұлға құрусыз, тікелей кәсіпорында/ұйымда құрылған және осы кәсіпорынның/ұйымның қызметкерлері болып табылатын Кәсіподақ мүшелерінен тұратын, кәсіпорын/ұйым деңгейінде әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілдері болып табылатын құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымында цехтық кәсіподақ ұйымдары, кәсіподақ топтары құрылуы мүмкін.

1.2. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы құрылтай жиналысында ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары мен меншік нысанына қарамастан теміржол саласының бір кәсіпорны/ұйымы қызметкерлерінің кемінде үш адамы немесе қызметкері болған кезде құрылады.

Құрылтай жиналысын өткізу күні мен орыны туралы шешімді Кәсіподақтың тиісті филиалы, ол болмаған кезде – оған бастауыш ұйым құруға ниет білдірген қызметкерлерден өтініш жолданатын Кәсіподақтың Атқару комитеті қабылдайды.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы құрылғаннан кейін құжаттар Кәсіподақтың Атқару комитетіне ұсынылады.

1.3. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы кәсіподақтың аумақтық (өңір бойынша) немесе өндірістік белгісі бойынша (вертикаль бойынша) филиалдарында кәсіптік қызмет көрсетуге тұрады.

Кәсіподақтың аумақтық, өндірістік филиалы болмаған жағдайда Кәсіподақтың бастауыш ұйымы Кәсіподақтың Орталық аппаратына кәсіптік қызмет көрсетуге қабылданады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы кәсіпорынның/ұйымның құрылымдық бөлімшесінен аумақтық қашықтықта және Кәсіподақтың басқа филиалының аумағында орналасқан жағдайда Кәсіподақтың басқа филиалында кәсіптік қызмет алуға құқылы.

1.4. Кәсіподақ филиалы жоқ өңірлерде Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының Өңірлік Кеңесі құрылады, олардың қызметін Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің өкілі үйлестіреді.

1.5. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының Өңірлік Кеңесі өз қызметін Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекіткен Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының Өңірлік Кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.6. Бастауыш ұйым өзінің қызметін Конституцияға, Қазақстан Республикасының Заңдарына, халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормаларына, Кәсіподақ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.7. Бастауыш ұйымның белгіленген үлгідегі мөрі, бланкілері және мөртабаны болуына құқығы бар.

1.8. Бастауыш ұйым өз қызметінде мемлекеттік билік органдарына, жұмыс берушілерге, саяси және басқа да қоғамдық ұйымдарға тәуелді емес, оларға есеп бермейді және бағынбайды.

Олармен қарым-қатынасты тең құқықтық ынтымақтастық негіздерінде және әлеуметтік әріптестік қағидаттарында құрады.

1.9. Кәсіпорынның/ұйымның ұйымдық-құқықтық мәртебесі өзгерген, қайта ұйымдастырылған (бөліну, бөлек шығару, қайта құру), сондай-ақ оған қызметкерлерді кәсіптік ұйым, бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмыс істейтін кәсіпорын/ұйымнан ауыстыра (ауыса) отырып, жаңа кәсіпорындар/ұйымдар құрылған кезде оның сайланбалы органдары өз өкілеттіктерін Кәсіподақ мүшелерінің алдындағы барлық мүліктік және өзге де құқықтары мен міндеттемелерін кәсіподақ ұйымын қайта ұйымдастыру жөніндегі жиналыс (конференция) өткізілгенге немесе оның одан әрі қызметі туралы өзге де шешім қабылданғанға дейін толық көлемде жүзеге асыруды жалғастырады.

Кәсіпорындарды біріктіру/қосу арқылы жаңа кәсіпорын құру кезінде Кәсіподақтың жаңа бастауыш ұйымын құру үшін бірлескен жалпы жиналыс (конференция) өткізіледі.

1.10. Ұйымда / кәсіпорында бір ғана бастауыш кәсіподақ ұйымы құрылуы мүмкін.

## **2. Ұйымғы мүшелік**

2.1. Ұйымға мүшелік Кәсіподақ Жарғысының негізінде жүзеге асырылады және ерікті болып табылады.

Кәсіподаққа мүшелерді қабылдау мүше болғысы келетін адамның кәсіпорындағы/ұйымдағы Кәсіподақтың бастауыш ұйымына берген жазбаша түрдегі жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

Кәсіподаққа қабылдау және одан шығу туралы шешім:

- бастауыш ұйымның жиналысында - Кәсіподақ мүшелерінің саны 30 адамнан кем болған кезде;

- кейіннен бастауыш ұйым жиналысын (конференциясын) хабардар етумен кәсіподақ комитетінің отырысында - саны 30 адамнан артық болғанда қабылданады.

2.2. Кәсіподақ мүшелері негізгі жұмыс немесе оқу орны бойынша бастауыш ұйымда есепте тұрады.

Есепке алу есепке алу карточкалары бойынша немесе электрондық тасымалдағышта жүзеге асырылады.

2.3. Кәсіподаққа Жарғыны, осы Ережені мойындайтын және мүшелік жарналарды төлейтін:

- кәсіпорын/ұйым қызметкері;

- кәсіпорынның/ұйымның есебінде тұрған зейнеткер;

- жоғары және орта бейінді көлік оқу орындарының студенті мүше болады.

2.4. Кәсіподақ мүшелігі мүшелік жарналар белгіленген мөлшерде төленген жағдайда сақталады:

– саны/штаты қысқаруына, таратылуына байланысты еңбек шарты бұзылған қызметкерлер - оларды теміржол саласындағы ұйымда, кәсіпорында жұмысқа орналастырған сәтке дейін, бұл ретте жұмысқа орналасу мерзімі 3 айдан аспауы тиіс;

- жасы, мүгедектігі бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмысын тоқтатқандарға;

- заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің актісіне дау айтатын жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған қызметкерлер,

бұл ретте темір жол саласының ұйымында, кәсіпорнында одан әрі жұмысқа орналасу мерзімі 3 айдан аспауы тиіс.

2.5. Кәсіподаққа мүшелік:

- жеке өтініш бойынша Кәсіподақтан шыққан кезде
- одан шығарылғанда
- еңбек шарты бұзылған кезде тоқтатылады.

Кәсіподақтан шығу туралы мәселені Кәсіподаққа қабылдау құқығы бар органдар Кәсіподақ мүшесінің жеке өтініші негізінде қарайды.

Кәсіподақтан шығару туралы мәселе Кәсіподақ мүшесінің жарғылық міндеттерін орындамауы, сондай-ақ Кәсіподақтың бірлігіне нұқсан келтіретін және оған зиян келтіретін іс-әрекеттер жасауы кезінде қаралады.

Кәсіподақтан шығару туралы шешімді Кәсіподақтың жоғары тұрған органдары және оның құрылымдық бөлімшелері қабылдайды.

Бұл шешім Кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қабылданады. Егер ол дәлелді себепсіз келмесе, мәселе ол болмаған кезде шешіледі. Егер жиналысқа қатысушылардың немесе оның отырысына қатысатын сайланбалы орган мүшелерінің кемінде үштен екісі, оған кворум болған кезде дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

Кәсіподақ мүшесінің қабылданған шешімге үш ай мерзімде жоғары тұрған кәсіподақ органына шағымдануға құқығы бар.

Кәсіподақтан шыққан не Кәсіподақтан шығарылған тұлға Кәсіподаққа жалпы негіздерде, бірақ шығарылғаннан кейін 6 айдан ерте емес мерзімде қабылдануы мүмкін.

2.6. Еңбек шартының бұзылуына немесе басқа жұмысқа ауысуына байланысты бастауыш ұйыммен байланысын үзген Кәсіподақ мүшесі бастауыш ұйымның кәсіподақ есебінен алынады.

2.7. Жарғылық міндеттерді орындамағаны үшін, оның ішінде үш ай ішінде дәлелді себепсіз мүшелік жарналарды төлемегені үшін немесе Кәсіподақ бірлігіне нұқсан келтіретін және Кәсіподаққа зиян келтіретін әрекеттер үшін Кәсіподақ мүшесіне мынадай жазалар қолданылуы мүмкін:

- Кәсіподақтан шығару туралы ескерту;
- Кәсіподақтан шығару.

2.8. Кәсіподақ мүшесіне жаза қолдану туралы шешім оның қатысуымен қабылданады. Кәсіподақ мүшесі жауапкершілік туралы мәселені қарауға дәлелсіз себептермен қатысудан бас тартқан жағдайда, мәселе ол болмаған кезде қаралуы мүмкін.

2.9. Жасына, мүгедектігіне байланысты зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмысын тоқтатқан, штаттың қысқаруына, мекеменің, кәсіпорынның таратылуына байланысты уақытша жұмысынан айырылған Кәсіподақ мүшелерін қоспағанда, үш ай қатарынан мүшелік жарналарды дәлелсіз себеппен төлемейтін Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтан шығарылады.

2.10. Төленген мүшелік кәсіподақ жарналары оған қайтарылмайды.

2.11. Кәсіподақ беретін жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айыру және Кәсіподақтан шығару туралы шешімді Кәсіподаққа қабылдау құқығы бар органдар, сондай-ақ жоғары тұрған сайланбалы Кәсіподақ органдары, кейіннен бастауыш ұйымды хабардар етумен, қабылдайды. Бұл шешім Кәсіподақ

мүшесінің қатысуымен қабылданады. Егер ол дәлелді себепсіз келмесе, мәселе ол болмаған кезде шешіледі.

2.12. Бастауыш ұйымның қызметіне белсенді қатысқаны үшін Кәсіподақ мүшелері мынадай көтермелеу шараларымен:

- алғыс айтумен;
- белгімен, грамоталармен;
- ақшалай сыйлықтармен, бағалы сыйлықтармен, кәдесыйлармен;
- демалыс үйлеріне, санаторий-курорттық емделуге жолдамалармен, туристік жолдамалармен атап өтілуі мүмкін.

### **3. Ұйым мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

3.1. Бастауыш ұйым өз мүшелерінің Кәсіподақ жарғысында, осы Ережеде көзделген құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

3.2. Кәсіподақтарға жату Қазақстан Республикасының заңдарымен кепілдік берілген азаматтардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге әкеп соқпайды.

Қызметкердің кәсіподаққа тиесілігі, оған кіруі немесе одан шығуы себебінен жұмыс бойынша ілгерілеу кезінде кемсітуге, сондай-ақ жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға тыйым салынады.

3.3. Кәсіподақ мүшелерінің:

- Кәсіподақ және оның сайланбалы органдары тарапынан мемлекеттік билік органдарында, жұмыс берушілер алдында және сот органдарында өзінің еңбек, кәсіптік, әлеуметтік-экономикалық және басқа да құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

- кәсіподақ органдарына консультациялар, өтініштер мен ұсыныстар алу үшін жүгінуге;

- жоғары тұрған кәсіподақ органдарына бұқаралық акцияларды ұйымдастыру туралы, оның ішінде митингілер, демонстрациялар, шерулер, пикет өткізу туралы ұсыныстармен жүгінуге;

- еңбек және өзге де дауларды шешу кезінде кәсіподақ органдары көрсететін заң көмегі мен қолдауды пайдалануға;

- Кәсіподақ қызметіне қатысуға;

- Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмекке;

- сайланбалы кәсіподақ органдарына кандидатуралар ұсынуға және өзін ұсынуға;

- Кәсіподақтың жергілікті актілерінде көзделген қосымша жеңілдіктер мен өтемақыларға;

- Кәсіподақтың қатысуымен құрылған кәсіпорындардың, мемлекеттік емес мекемелердің, акционерлік қоғамдардың және т. б. акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды басым тәртіппен сатып алуға, кәсіподақ қорларының, сақтандыру компанияларының қызметтері мен құралдарын пайдалануға;

- Кәсіподақ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес белгіленген басқа да құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

3.4. Кәсіподақ мүшелеріне қосымша жеңілдіктер бастауыш ұйымның және Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарының қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене

отырып, Кәсіподақтың жергілікті актілеріне сәйкес тиісті комиссияның шешімі бойынша беріледі.

3.5. Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алу құқығы, қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар Кәсіподаққа алғаш кірген күннен бастап алты ай өткен соң келеді.

Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алу құқығы, Кәсіподаққа қайта кіретін қызметкерлер үшін қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар Кәсіподаққа қабылданған күннен бастап алты айдан ерте келмейді.

3.6. Кәсіподақ мүшесі:

- Кәсіподақ Жарғысын сақтауға, кәсіподақ ұйымының жұмысына қатысуға, кәсіподақ органдарының шешімдері мен тапсырмаларын орындауға;
- ай сайын, белгіленген мөлшерде және тәртіппен мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеуге;
- еңбек және ұжымдық шарттарда (келісімдерде) көзделген міндеттерді орындауға;
- Кәсіподақтың ұжымдық іс-әрекетін қолдау, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау кезінде Кәсіподақ мүшелерімен ынтымақтастық танытуға;
- кәсіподақ қозғалысына зиян келтіретін және Кәсіподақтың бірлігі мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

#### **4. Кәсіподақшілік демократия**

4.1. Бастауыш ұйым өзінің жұмысын салалық кәсіподақ қозғалысының бірлігі негізінде құрады.

4.2 Бастауыш ұйым өз қызметін:

- бастауыш ұйымдарының барлық құрылымдарын төменнен жоғары қарай сайлау, кәсіподақ мүшелері болып оларды сайланғандар және Кәсіподақтың жоғары органдары алдында жыл сайын есеп беру;
- Кәсіподаққа ерікті түрде кіру және одан еркін түрде шығу;
- барлық сайлау органдарының жұмысына алқалық ету, шешімдер мен тапсырмалардың орындалуы үшін дербес жауапкершілік;
- мәселелерді талқылау және шешімдер қабылдаудан кейін әрекеттер бірлігі сатысында пікірлер плюрализмі, дискуссия еркіндігі;
- Кәсіподақ кәсіподақ органдарының алқалық қабылдаған шешімдерін орындау міндеттілігі;
- шешімдер қабылдау кезінде жарғылық талаптардың үстемдік құруы қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

4.3. Бастауыш ұйым өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын және жиналыстар/конференциялар арасында іс-шараларды ұйымдастыратын алқалы және дара сайланбалы органдарды сайлайды.

#### **5. Кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері**

5.1. Бастауыш ұйым кәсіпорынның экономикалық жағдайы мен ұйым мүшелерінің мүдделерін есепке ала отырып, негізінен еңбек және еңбекпен байланысты басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, ұйым мүшелерінің

құқықтық қорғалуына баса назар аудара отырып, оларға заңнамалармен, ұжымдық шарттар және келісімдермен салыстырғанда қосымша жеңілдіктер мен кепілдемелерді ұсына отырып, олардың рухани қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыруға, ұйымдастырушылық жұмысты жақсартуға және ұйымның қаржылық базасын нығайту мәселесіне зейін қойып өз қызметінің басым бағыттарын айқындайды.

5.2. Бастауыш ұйымның негізгі міндеті болып кәсіпорынның экономикалық жағдайының тұрақтылығын нығайту, жұмыс орындарын сақтау, қызметкерлердің еңбекақысын өсіру үшін кәсіпорынның мүмкіндіктерін пайдалану болып табылады.

5.3. Бастауыш ұйым кәсіпорындағы еңбек, экономикалық, әлеуметтік қарым қатынастарды реттеуге қатысты жергілікті (ішкі) құжаттарды әзірлеуге қатысады.

5.4. Бастауыш ұйым Кәсіподақ мүшелерінің мүддесі үшін ұжымдық шарт жобасына ұсыныстар жинау, сондай-ақ ұжымдық шарт нормаларын өзгерту және толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізу бастамасын көтереді.

5.5. Бастауыш ұйым кәсіподақ мүшелерінің еңбек жағдайларының кешенді іс-шаралары мен ұжымдық шарт нормаларының орындалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

## **6. Бастауыш ұйымның органдары**

6.1. Бастауыш ұйымның сайланбалы органдарының (кәсіподақ тобының, кәсіподақ ұйымдастырушысының, кәсіподақ комитетінің) өкілеттік мерзімі 5 (бес) жыл.

6.2. Бастауыш ұйымның жоғары органы

6.2.1. Бастауыш ұйымның жоғарғы органы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізілетін жиналыс (конференция) болып табылады.

6.2.2. Есептік-сайлау жиналысы (конференция) Кәсіподақ Жарғысына сәйкес 5 (бес) жылда 1 (бір) рет өткізіледі.

Кәсіподақ мүшелері жиналыстың (конференцияның) өткізілетін күні, күн тәртібі және орны туралы белгіленген мерзімнен кемінде екі апта бұрын хабардар етіледі.

6.3. Жиналыс өткізілетін күн мен уақыт жиналысқа осы кәсіпорынның/ұйымның бастауыш ұйымында есепте тұрған Кәсіподақ мүшелерінің кемінде 50%-ы қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

6.4. Жиналыс кәсіпорынның/ұйымның орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс.

6.5. Жиналыс, егер оның жұмысына осы кәсіпорынның/ұйымның бастауыш ұйымында есепте тұрған Кәсіподақ мүшелерінің кемінде 50%-ы қатысса, заңды болып саналады.

6.6. Конференция, егер оның жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

6.7. Кезектен тыс жиналысты (конференцияны) кәсіподақ комитеті өз бастамасы бойынша, ұйым мүшелерінің үштен бірінің бастамасы бойынша немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының ұсынысы бойынша шақырады.

Кәсіподақ мүшелері кезектен тыс жиналыстың (конференцияның) өткізілетін күні, Күн тәртібі және орны туралы ол өткізілгенге дейін бір аптадан кешіктірілмей хабардар етіледі.

6.8. Жиналыс (конференция) кәсіподақтың бастауыш ұйымының қызметіне қатысты кез келген мәселені шешуге құқылы.

6.9. Есептік-сайлау жиналысының (конференцияның) айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымы қызметінің басым бағыттарын айқындау;

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымы төрағасының есептік (бес жылдық) кезеңдегі кәсіби органның жұмысы туралы есебін тыңдау;

- ревизиялық комиссияның есептік (бес жылдық) кезеңдегі Кәсіподақ бастауыш ұйымының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін тыңдау;

- Кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасын (кәсіби ұйымдастырушыны) сайлау;

- кәсіподақ органын сайлау;

- ревизиялық комиссияны сайлау;

- келісім комиссиясының мүшелерін сайлау;

- бастауыш ұйым төрағасының мәртебесін айқындау (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған);

- Кәсіподақтың тиісті филиалымен келісу бойынша бастауыш ұйымның төрағасына атқаратын кәсіподақ жұмысы үшін төлемнің мөлшері мен кезеңділігін белгілейді, сондай-ақ қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, бастауыш ұйым төрағасының (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған) мәртебесін айқындайды.

Бастауыш ұйымның барлық сайланбалы және штаттық қызметкерлеріне ақы төлеу мөлшері кәсіподақ ұйымының ай сайынғы қаражатының 50 пайызынан аспауы тиіс.

- ұжымдық шартты және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды орындау туралы жұмыс берушіні тыңдау;

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін акциялар өткізу туралы шешім қабылдау;

- Кәсіподақ бастауыш ұйымының кәсіподақ бюджетін бекіту және оның орындалуын бақылау;

- Кәсіподақтың құрамына оның құрылымдық бөлімшесі ретінде кіру немесе Кәсіподақтан шығу туралы шешім қабылдау.

6.10. Кезекті жиналыстың (конференцияның) құзыретіне мыналар жатады:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымы төрағасының есептік кезеңдегі кәсіподақ органының жұмысы туралы есебін тыңдау;

- ревизиялық комиссияның есептік кезеңдегі Кәсіподақ бастауыш ұйымының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін тыңдау;

- бастауыш ұйым төрағасының мәртебесін айқындау (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған);

- Кәсіподақтың тиісті филиалының келісімі бойынша бастауыш ұйымның төрағасына атқаратын кәсіподақ жұмысы үшін төлемнің мөлшері мен кезеңділігін белгілейді, сондай-ақ қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып,

бастауыш ұйым төрағасының (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған) мәртебесін айқындайды.

- ұжымдық шартты және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды орындау туралы жұмыс берушіні тыңдау;

- Кәсіподақ бастауыш ұйымы, жиналыс/конференция құзыретіне кіретін сайланбалы органдар қызметінің басқа да мәселелері.

6.11. Бастауыш ұйымның басшы органдары

6.11.1. Бастауыш ұйымда ағымдағы жұмысты жүргізу үшін:

- кәсіподақ ұйымдастырушысы, топтың активі - 30-дан аз мүшені біріктіретін ұйымда;

- кәсіподақ комитеті, цех комитеті (кәсіпком, цехком) - Кәсіподақтың 30 және одан да көп мүшелерін біріктіретін ұйымда.

6.12. Аумақтық бытыраңқылық жағдайында жұмыс істейтін бастауыш ұйымдардың кәсіподақ комитетінің шешімдері кәсіподақ мүшелері сауалнама жолымен, сондай-ақ онлайн-режимде қабылдануы мүмкін.

6.13. Кәсіподақ комитеті жиналыстың (конференцияның) құзыретіне тікелей қатысты мәселелерді қоспағанда, бастауыш ұйым қызметінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

6.14. Цехтық ұйым жиналысының (конференциясының) шешімі бойынша ағымдағы мәселелерді шешу үшін бастауыш ұйымға құқықтар берілуі мүмкін.

6.15. Кәсіподақ комитеті өзінің жұмыс органдарының құрамын және олардың өкілеттіктерін дербес анықтайды.

6.16. Кәсіподақ комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және егер оған оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып саналады.

6.17. Кәсіподақ комитеті жұмыс берушімен қарым-қатынасын әлеуметтік әріптестік және өндірістік қызметке араласпау қағидаттарында құрады.

6.18. Кәсіподақ/цехком жиналыстар (конференциялар) арасындағы кезеңде өзінің кәсіподақ ұйымының қызметін ұйымдастырады, кәсіпорындағы кәсіподақ органдарының жұмысына басшылық жасайды, жиналыс (конференция) шешімдерінің және жоғары тұрған кәсіподақ органдарының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

6.19. Кәсіподақ комитеті:

- кәсіпорында еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша нормативтік актілерді әзірлеу кезінде жұмыс берушіге ұсыныстар енгізеді;

- ұжымдық шарт жобасы бойынша Кәсіподақ мүшелерінің ұсыныстарын жинайды, әзірленген жобаны кәсіпорын бөлімшелеріне жеткізеді;

- жұмыс берушімен бірлесіп тең құқылық негізінде ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін комиссия, қажет болған жағдайда келіссөздер барысында келіспеушіліктерді реттеу үшін татуластыру комиссиясын ұйымдастырады, келіссөздерде өз өкілдеріне сараптамалық, консультациялық және өзге де көмек көрсетеді;

- жоғары тұрған кәсіподақ органының келісімі бойынша заңда белгіленген тәртіппен жиналыстар, митингілер, пикеттер, демонстрациялар және басқа да акциялар өткізу арқылы еңбек ұжымының талаптарын қолдауды ұйымдастырады;

- еңбекті қорғау және еңбек қатынастары саласындағы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбек жағдайларының жай-күйіне және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тәуелсіз сараптама жүргізеді;
- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тергеп-тексеруге қатысады, сондай-ақ оларды дербес тергеп-тексеруді жүзеге асырады;
- кәсіпорын қызметкерлері және бірінші кезекте Кәсіподақ мүшелері арасында жұмыссыздықтың алдын алу шараларын әзірлеуге қатысады, жұмыс берушінің жаппай жұмыстан босату туралы уақтылы ақпарат беруін, жұмысшылар қысқартылған жағдайда заңнамада белгіленген кепілдіктердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады, өтемақылар мен жәрдемақылардың төленуін қадағалайды;
- қажет болған жағдайда жұмыс берушінің алдына қызметкерлерді босатуға байланысты мерзімдерді ауыстыру немесе іс-шараларды уақытша тоқтату туралы немесе қызметкерлерді кезең-кезеңімен босатуды жүргізу туралы ұсыныстар қояды;
- босатылған қызметкерлер - Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғау жөнінде белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды;
- жұмыс уақыты мен демалыс уақыты мәселелерін шешуге, ауысым графиктерін бекітуге, жұмыс тізбесін, тамақтану тәртібі мен орнын, демалыс беру кезектілігін, демалысты келесі жұмыс жылына ауыстыруға, үстеме жұмыстарға тартуға және т. б. қатысады.;
- еңбекке ақы төлеу жүйелері мен материалдық және моральдық көтермелеу нысандарын әзірлеуге және іске асыруға, бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы беру және сыйақы төлеу туралы ережелерді бекітуге, еңбек нормаларын қайта қарауға қатысады;
- қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеуге қатысады,
- еңбек туралы заңнаманы және еңбекті қорғау қағидаларын сақтау жөніндегі комиссияларды қалыптастырады және қоғамдық инспекторларды сайлайды;
- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінеді;
- Кәсіподақ мүшелері үшін тегін құқықтық және консультациялық көмек ұйымдастырады, қаржылық мүмкіндіктері болған кезде бастауыш ұйымның қаражаты есебінен адвокатты, білікті консультанттарды шақырады, жеке еңбек даулары қаралған жағдайда сотта және басқа органдарда қорғау үшін өз өкілін бөледі;
- кәсіпорынның ардагерлері - Кәсіподақ мүшелеріне қамқорлық көрсетеді, оларға қажетті көмек көрсетеді, меншік өзгерген кезде олардың мүдделеріне нұқсан келтірілмеуін қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда оларды кәсіподақ тапсырмаларын орындау үшін тартады;
- Кәсіподақ мүшелерінің есебін ұйымдастырады, Кәсіподаққа қабылдау және Кәсіподаққа мүшелігін тоқтату кезінде жарғылық нормалардың сақталуын қадағалайды;
- Кәсіподақ мүшелерінің сын ескертулері мен ұсыныстарын жинауды және іске асыруды ұйымдастырады;

- жалпы қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша олардың пікірлерін анықтаудың басқа әдістерін қолдана отырып, Кәсіподақ мүшелері арасында әлеуметтік сауалнамалар ұйымдастырады және жүргізеді;

- еңбек ұжымдарында Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және басқа да құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы кәсіптік одақтың құқықтары мен рөлі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

- еңбек ұжымында құқықтық және экономикалық білімді, кәсіпорындағы, өңірдегі, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы ақпаратты таратуды ұйымдастырады;

- Кәсіподақтың сайланбалы органының мүшесіне тәртіптік жаза қолданылған немесе онымен еңбек шарты бұзылған жағдайда дәлелді пікір беру туралы жазбаша өтінішті тіркейді, кәсіпком, цехком отырысының күнін белгілейді.

Өтінішті қарау тәртібі, дәлелді пікір беру мерзімдері Ұжымдық шартта айқындалған.

6.20. Кәсіподақ комитетінің мүшелері

6.20.1. Кәсіподақ комитетінің мүшелері:

- кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдағы цехтарға, бөлімдерге және басқа да жұмыс орындарына кедергісіз баруға және қарауға;

- әкімшіліктен тиісті құжаттарды, мәліметтерді, жалақы бойынша есеп айырысуларды және басқаларын сұратуға құқылы.

6.21. Егер Жарғыда өзгеше көзделмесе, кәсіподақ жиналысының (конференциясының), сайланбалы органдар отырысының шешімі, егер оларға жиналысқа қатысып отырған ұйым мүшелерінің, конференция делегаттарының, сайланбалы орган мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі.

6.22. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының сайланбалы органдарының шешімдерін жоғары тұрған Кәсіподақтың алқалы органы:

- Кәсіподақтың жарғысын немесе басқа да нормативтік, жергілікті актілерді;

- Кәсіподақтың жоғары тұрған сайланбалы органдарының шешімдерін орындамаған немесе бұзған жағдайларда жоюы мүмкін.

6.23. Сайланбалы кәсіподақ органдары өз жұмысында жиналысқа (конференцияға) және жоғары тұрған кәсіподақ органдарына есеп береді, жылына кемінде бір рет өз жұмысы туралы Кәсіподақ мүшелерінің алдында есеп береді, Кәсіподақ филиалына статистикалық және қаржылық есептілікті ұсынады.

6.24. Жұмыс берушінің өндірістік құрылымы өзгерген кезде Кәсіподақтың бастауыш ұйымына кәсіподақпен қызмет көрсету туралы шешім кәсіподақ комитетінің, цехкомның кеңейтілген отырысында қабылданады, филиалмен келісіледі, Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітіледі.

6.25. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы

6.25.1. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы болып осы кәсіпорында/ұйымда кемінде бір жыл жұмыс істейтін және осы кәсіпорынның/ұйымның Кәсіподақ бастауыш ұйымының есебінде тұрған Кәсіподақ мүшесі ғана сайлана алады.

6.26. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы бастауыш ұйымның өкілетті өкілі болып табылады және:

- кәсіподақ жиналысының (конференциясының), кәсіподақ комитетінің құзыретіне жатпайтын жедел мәселелерді шешуге;

- ағымдағы мәселелерді пысықтау және жалпы жиналыстың (конференцияның), кәсіподақ комитетінің шешімдерін дайындау үшін уақытша комиссиялар, жұмыс топтарын құру, кәсіподақ комитетінің жұмысына сарапшыларды, мамандарды, кәсіподақ белсенділерін тартуға;

- кәсіподақ комитетінің (цехкомның) отырыстарын шақыру және жүргізу, қабылданған шешімдер мен отырыстардың хаттамаларына қол қоюға;

- кәсіподақ комитетінің штаттық қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасауға;

- заңды тұлғаның сенімхаты бойынша Кәсіподақ атынан ұжымдық шарттарға қол қоюға;

- бекітілген сметаға сәйкес ақшалай операцияларды жүзеге асыруға, шарттарды келісуге;

- кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастыруға;

- Кәсіподақ мүшелерінің келісімімен, олардың жеке өтініштері болған жағдайда, әкімшілікпен келісім негізінде кәсіподақтың мүшелік жарналарын қолма-қол ақшасыз төлеу және оларды Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде Кәсіподақ шотына аудару туралы мәселені шешуге;

- Кәсіподаққа мүшелік жарналарды уақтылы, толық көлемде аударуға жауапты болуға құқылы.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы материалдық жауапты тұлға болып табылады.

6.27. Кәсіпорынды мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру кезінде кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы:

- жекешелендіру жөніндегі комиссияның құрамына және жаңадан құрылатын кәсіпорынның кәсіподақ комитетінің құрамына кіреді;

- еңбек ұжымы, Кәсіподақ мүшелері үшін ұжымдық шартта көзделген жеңілдіктердің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты қорғайды.

6.28. Кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасы үшін қашықтықтан жұмыс істеу нысаны, яғни жұмыс берушінің орналасқан жерінен тыс жерде еңбек процесін орындау тек төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген, төтенше жағдай жарияланған кезеңде не өзге де шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде, мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының шешімі бойынша, сондай-ақ қызметкердің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін басқа да ерекше жағдайларда ғана таратылады.

Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде жұмыс уақытының тіркелген есебі, жұмыс берушінің қызметкерді жабдықтармен, байланыс қызметтерімен және басқа да бірқатар нормалармен қамтамасыз ету міндеті белгіленеді.

Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде, егер еңбек, ұжымдық шарттарда немесе Кәсіподақтың жоғары тұрған сайланбалы органында өзгеше көзделмесе, іссапар еңбек міндеттерін нақты орындау орнынан жүзеге асырылатын кезде

қызметкерді іссапарға жіберу мәселесі бойынша еңбек заңнамасының талаптары сақталуы тиіс.

Қашықтықтан жұмысты жүзеге асыру қолданыстағы еңбек шартына қосымша келісім жасай отырып, еңбек шартына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін басталады.

Қосымша келісім міндетті түрде мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) қашықтықтан жұмыс істеуді уақытша белгілеудің негізі;
- 2) қашықтықтан жұмыс істеуді уақытша белгілеу үшін негіз болған жағдай жойылған күннен аспайтын қашықтықтан жұмыс істеу мерзімі.

6.29. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасымен (негізгі жұмыстан босатылған/негізгі жұмыстан босатылмаған) еңбек шартын Кәсіподақ филиалының төрағасы сенімхат бойынша, жұмысты орындау уақытына, яғни Кәсіподақ Жарғысына сәйкес сайланбалы органның өкілеттік мерзіміне бірыңғай мерзімде аяқталады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы Кәсіподақтың Орталық аппаратында кәсіптік қызмет көрсеткен жағдайда, төрағамен еңбек шартын (негізгі жұмыстан босатылған/негізгі жұмыстан босатылмаған) Кәсіподақ төрағасы жасайды.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасымен (негізгі жұмыстан босатылған/негізгі жұмыстан босатылмаған) еңбек шарты есептік-сайлау жиналысы (конференциясы) өткізілгеннен кейін оны осы лауазымға сайлаған күннен бастап жасалады.

6.30. Төрағаның өкілеттік мерзімі алқалы сайлау органы өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде тоқтатылады.

6.31. Кәсіподақтағы есептік-сайлау мерзімі кезеңінде Кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасы қызметіне сайланған кезде еңбек шарты алқалы сайланған органның өкілеттіктерін орындаудың қалған мерзіміне жасалады және Кәсіподақ Жарғысына сәйкес бірыңғай мерзімде аяқталады.

6.32. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы төрағасының өкілеттігі аяқталғаннан кейін оның істерді тапсыруы екі аптадан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

6.33. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі Кәсіподақтың сайланбалы органдарында бола алмайды.

## **7. Кәсіподақ органдарын қалыптастыру тәртібі, өкілеттік мерзімдері**

7.1. Кәсіподақта есептік-сайлау науқанын өткізудің бірыңғай мерзімдері белгіленеді.

Кәсіподақ органдарының, оның ішінде есептік-сайлау науқандары арасында құрылған органдардың өкілеттіктері келесі есептік-сайлау науқаны өткізілгенге дейін сақталады.

Кәсіподақтың барлық сайланбалы органдарының өкілеттік мерзімі - 5 (бес) жыл.

Алқалы сайланбалы органның және Кәсіподақтың бастауыш ұйымы төрағасының өкілеттік мерзімі оларды сайлаған күннен басталады және бірыңғай мерзімде - жұмыс істеп тұрған сайланбалы органның өкілеттік мерзімі аяқталған күні аяқталады.

7.2. Кәсіподақтың сайланбалы органдары мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және шығып қалған органның орнына жаңасын сайлаған кезде, жаңадан сайланған сайланбалы (алқалы, жеке дара) органның өкілеттік мерзімі тиісті сайланбалы (алқалы, жеке дара) органның өкілеттігінің қалған мерзіміне Кәсіподақта бірыңғай мерзімде өткізілетін кезекті есептік-сайлау науқанына дейін қолданылады.

7.3. Алқалы сайлау органының немесе Кәсіподақтың бастауыш ұйымындағы төрағаның кезектен тыс сайлауы Кәсіподақ филиалы Атқару комитетінің шешімімен тағайындалады.

7.4. Кезектен тыстан кейінгі сайланбалы органдардың кезекті сайлауы Кәсіподақ Жарғысында, Кәсіподақтың нормативтік және жергілікті актілерінде белгіленген бірыңғай мерзімде өткізіледі.

7.5. Конференцияға делегаттар «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінде есептік-сайлау науқанын өткізу жөніндегі нұсқаулықта белгіленген тәртіппен, Кәсіподақ мүшелерінің санына қарай бөлімшелерде өкілдік ету нормасы сақталған кезде сайланады.

Бастауыш ұйымның төрағасы мен оның орынбасары лауазымы бойынша конференция делегаттары болып танылады.

7.6. Кәсіподақ органдарының төрағасы мен мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру тәртібі мен нысанын жиналыс (конференция) айқындайды.

7.7. Басқа кандидаттарға қатысты ең көп дауыс алған және олардың жұмысына қатысқан жиналысқа қатысушылардың, конференция делегаттарының, кәсіби орган мүшелерінің жартысынан көбінің даусын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

7.8. Қажет болған жағдайда кәсіподақ органдарына қосымша сайлау немесе мерзімінен бұрын сайлау өткізілуі мүмкін.

Кәсіподақ комитетінің қосымша сайлауы оның құрамын ішінара жаңарту қажет болған жағдайда өткізіледі.

Мерзімінен бұрын сайлау кәсіподақ комитетінің (цехкомның) кеңейтілген отырыстарында бастауыш ұйымның төрағасы, сайланбалы органдардың мүшелері өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде немесе кәсіподақ комитетінің (цехкомның), төрағаның қанағаттанарлықсыз жұмысы, Кәсіподақ Жарғысын өрескел бұзған жағдайда, сондай-ақ олардың жарғылық міндеттерін орындауы мүмкін болмаған кезде жоғары тұрған кәсіподақ органының шешімі бойынша өткізіледі.

7.9. Жиналыс/конференция қатарынан екі рет заңсыз, өткізілмеген не жарамсыз деп танылған, тиісінше сайланбалы (алқалы органның, бастауыш ұйым төрағасының) өкілеттік мерзімінің аяқталуына және шешім қабылдау үшін жиналыс/конференция өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Кәсіподақтың Атқару комитеті өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты олардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Мұндай жағдайда Кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасымен жасалған еңбек шартының қолданылуы сайланбалы органдардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған кезден бастап тоқтатылады (бұзылады).

7.10. Кәсіподақ бастауыш ұйымдарының қызметі Кәсіподақ Жарғысымен, осы Ережемен, сондай-ақ Кәсіподақтың өзге де жергілікті актілерімен реттеледі.

## **8. Кәсіподақ мүлкін (жеке меншігін) пайдалану тәртібі, қаржылық қызмет**

8.1. Бастауыш ұйым Кәсіподақ оған пайдалануға беретін меншікке иелік ете алады.

8.2. Бастауыш ұйымның ақшалай қаржысы Кәсіподақтың Жарғысында көрсетілген көлемде ай сайынғы кәсіподақтың мүшелік жарналарынан, ерікті жарналардан, кәсіпорындардың аударымдарынан, басқа да көздерден түсімдерден құралады.

8.3. Кәсіподақтың ай сайынғы мүшелік жарналары мына мөлшерде белгіленеді:

- жұмыс істейтіндер үшін айлық еңбекақының барлық түрлерінен 1%-дан кем емес;

- штаттың қысқаруына, кәсіпорынның таратылуына байланысты жұмысын уақытша тоқтатқандар және жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін мемлекет белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінен 1%;

- студенттер мен оқушылар үшін стипендия мөлшерінен 1%.

8.4. Мүшелік жарналар Кәсіподақ Жарғысына сәйкес Кәсіподақ мүшесінің өтініші бойынша еңбекақы төлеу қорына жататын есептеулердің барлық түрлерінен қолма-қол ақшасыз аударымдар арқылы төленеді.

8.5. Мүшелік кәсіподақ жарналары толық көлемде Кәсіподақтың есеп шотына аударылады.

Келіп түскен мүшелік жарналарды бөлуді Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде Кәсіподақ жүргізеді.

Басқа көздерден түскен қаражатты бастауыш ұйым жиналыс немесе конференция бекіткен смета бойынша жарғылық міндеттерді орындау үшін пайдаланады.

8.6. Бастауыш ұйымның төрағасы мүшелік жарналарды жинаудың толықтығына және олардың міндетті аударымдар тәртібінің сақталуына жауапты болады.

8.7. Бастауыш ұйымның қаражаты қызметті қамтамасыз ету үшін олар бекіткен сметаларға сәйкес жұмсалады және:

- штаттық аппаратты ұстау;

- кәсіподақ комитетінің ұйымдастырушылық-техникалық жұмысын қамтамасыз етуге;

- Кәсіподақ мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек көрсетуге;

- кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша Кәсіподақ мүшелерінің және зейнеткер Кәсіподақ мүшелерінің балаларына жолдамалар, сыйлықтар, мәдени-сауықтыру мекемелеріне билеттер сатып алуға;

- көркемөнерпаздар үйірмелері мен шығармашылық мектептердің жұмысына;

- Кәсіподақ құратын қорлар мен кәсіпорындардың жарғылық қорына жарналарға;
- кәсіподақ кадрларын даярлау және қайта даярлауға, кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастыруға;
- қайырымдылық мақсаттарына;
- Кәсіподақ жарғысымен, осы Ережемен және кәсіподақ жиналысының (конференциясының) шешімдерімен көзделген басқа да мақсаттарға жұмсалады.

8.8. Бастауыш ұйымның қаржы-шаруашылық және өзге де қызметін бақылауды оның ревизиялық комиссиясы және жоғары тұрған кәсіби органдардың ревизиялық комиссиясы жүзеге асырады.

## **9. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының ревизиялық комиссиясы**

9.1. Бастауыш ұйымның ревизиялық комиссиясы бастауыш ұйымның қаржы-шаруашылық қызметіне, мүшелік кәсіподақ жарналары мен басқа да ақшалай түсімдердің есептелуіне және түсуіне, ақшалай қаражаттың дұрыс жұмсалыуына, Кәсіподақ мүлкінің пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті сайланбалы орган сияқты өкілеттік мерзіміне сайланады.

9.2. Кәсіподақ бастауыш ұйымының ревизиялық комиссиясы жиналысқа (конференцияға) және Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясына есеп береді және олардың шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

9.3. Ревизиялық комиссия Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекіткен осы комиссия туралы Ережеге сәйкес жұмыс істейді.

9.4. Кәсіподақ бастауыш ұйымының ревизиялық комиссиясының төрағасы тиісті конференцияның делегаты болып табылады.

## **10. Бастауыш ұйымның қызметін тоқтату**

10.1. Бастауыш ұйымның қызметі, кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдағы кәсіподақ мүшелерінің саны оның құрылуы үшін Кәсіподақ Жарғысымен қарастырылған саннан кем болған жағдайда, жиналыс немесе конференцияның шешімімен немесе сот шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

10.2. Шешім егер де оған кворум болған жағдайда жиналысқа қатысушылардың немесе конференция делегаттарының кемінде 2/3 дауыс берсе, қабылданған болып саналады.

Бастауыш ұйымының жиналыс, конференция хаттамасы шешім қабылданғаннан бастап үш күн мерзімінде тиісті филиалға және Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне жіберіледі.

10.3. Бастауыш ұйымның қызметін тоқтату жөнінде шешім қабылданған жағдайда жиналыс (конференция) немесе Кәсіподақ филиалының Атқару комитеті Кәсіподақ филиалының Ревизиялық комиссиясының мүшесі кіретін тарату комиссиясын тағайындайды.

Тарату комиссиясы қолда бар мүлікті, ақша қаражатын бағалайды, дебиторлармен және кредиторлармен, сайланбалы және жалдамалы қызметкерлермен есеп айрысу жүргізеді.

Тарату комиссиясының есебін Кәсіподақтың Атқару комитеті бекітеді.

Қалған мүлік пен ақшалай қаржылар Кәсіподақ Жарғысымен көзделген мақсаттарға бағытталады.

10.4. Кәсіпорынның/ұйымның құрылымы өзгерген немесе ол қызметкерлері босатумен таратылған жағдайда бастауыш ұйым қайта құрылуы мүмкін немесе оның қызметі тиісті филиалдың сайланбалы органының, Кәсіподақтың Атқару комитетінің немесе Орталық Кеңесінің шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

10.5. Жұмыс берушінің Кәсіподақ бастауыш ұйымының қызметіне араласауға, оның қызметінің тоқтатылуы немесе уақытша тоқтатылуы туралы актіні қабылдауға құқығы жоқ.

## **11. Қорытынды ережелер**

10.1. Осы Ережеде көрсетілмеген барлық мәселелер бойынша Кәсіподақ Жарғысын басшылыққа алу қажет.

11.2. Осы Ережеге түсінік беру, оның негізі болатын қағидаттарға қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығы Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне тиесілі.